

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

2012 ЖЫЛҒЫ 31 тамыз

№ 2144

Орал қаласының «№41 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінің атауын Орал қаласының «№41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп - лицей» мемлекеттік мекемесі етіп өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орал қаласының «№41 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінің атауы Орал қаласының «№41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. Қоса беріліп отырған Орал қаласының «№41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесінің Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

3. «Орал қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі Орал қаласының «№41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әділет органдарында қайта тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Батырхановаға жүктелсін.

Қала әкімі



Б.Шәкімов